

5 Nejff N.M. Ocenka resursnogo potenciala predpriyatija na osnove matrichnoj mo-deli // Izvestija Nizhnevolzhskogo agrouniversitetskogo kompleksa. – 2012. - № 1. - S. 206-214.

6 Dozorova T.A., Bogapova M.R. Jefferktivnost' ispol'zovanija resursnogo po-tenciala v zavisimosti ot specializacii sel'skohozjajstvennogo proizvodstva v regione // Ustojchivoe razvitie sel'skih territorij: teoreticheskie i metodologicheskie aspekty: materialy II Vseros. nauch.-prakt. konf. molodyh uchenyh.– 2016.– S. 56-65.

7 Potapov A.P. Teoreticheskie osnovy resursnogo potenciala agrarnogo proizvodstva //Izvestija Saratovskogo universiteta. Serija «Jekonomika. Upravlenie. Pravo». - 2012. - Vyp.4. - S. 22-26.

8 Zagorujko A.Ju., Esembekova A.U. Ocenka jefferktivnosti ispol'zovanija resursnogo potenciala v zernoproduktovom podkomplekse Kurganskoj oblasti // Izvestija Orenburgskogo gosudarstvennogo agrarnogo universiteta. – 2015. –№ 2. –S. 190-196.

FTAMP 65.050

ӨОЖ 338.23

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ ҮШІН АЗЫҚ-ТҮЛІКТІҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

ЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДОСТУПНОСТЬ ПРОДОВОЛЬСТВИЯ ДЛЯ НАСЕЛЕНИЯ КАЗАХСТАНА

ECONOMIC AVAILABILITY OF FOOD PRODUCTS FOR THE POPULATION OF KAZAKHSTAN

С.Т. КАПАНОВА^{*1}

РФ э.ғ.д., доцент

А.И. ГИЗЗАТОВА²

РФ, ҚР э.ғ.д., доцент

С.М. ЕСЕНГАЛИЕВА³

РФ э.ғ.к.

¹Батыс-Қазақстан инновациялық-технологиялық университеті, Орал, Қазақстан

²М.Өтемісов атындағы Батыс-Қазақстан мемлекеттік университеті, Орал, Қазақстан

³Жәңгір хан атындағы Батыс-Қазақстан аграрлық-техникалық университеті, Орал, Қазақстан

e-mail: priemnaya_atiso@mail.ru

С.Т. КАПАНОВА¹

д.э.н. РФ, доцент

А.И. ГИЗЗАТОВА²

д.э.н. РФ, РК, доцент

С.М. ЕСЕНГАЛИЕВА³

к.э.н. РФ

¹Западно-Казakhstanский инновационно-технологический университет, Уральск, Казахстан

²Западно-Казakhstanский государственный университет им. М.Утемисова, Уральск, Казахстан

³Западно-Казakhstanский аграрно-технический университет им. Жангир хана, Уральск, Казахстан

S.T. KAPANOVA¹

Dr.E.Sc. RF, Associated Professor

A.I. GIZZATOVA²

Dr.E.Sc. RF, RK, Associated Professor

S.M. YESSENGALIYEVA³

C.E.Sc. RF

¹West-Kazakhstan Innovation-Technological University, Uralsk, Kazakhstan

²Western Kazakhstan State University. M. Utemisov, Uralsk, Kazakhstan

³West Kazakhstan Agrarian Technical University named after Zhangir Khan, Uralsk, Kazakhstan

Аңдатпа. Республика халқы үшін азық-түліктің экономикалық қолжетімділігін арттыру мәселелері анықталған. Кірістер, олардың түсімдер көздері бойынша құрылымы, елдегі және өңірлердегі азық-түлік шығындары, халық топтары бойынша талданды. Табыстың негізгі көзі еңбек қызметінен түсетін табыс болып табылады, оның табыс құрылымындағы үлесі тұтастай бірте-бірте қысқарады, ал мемлекет халықтың нақты қолда бар табысын ұлғайту

Экономикалық қолжетімділік, негізінен, тұрғындардың табыс деңгейімен және азық-түлікке бағалық конъюнктурамен анықталады, яғни тамақ өнімдеріне қолжетімділік тұрғындардың сатып алушылық қабілетіне байланысты. Қазіргі кезеңде Қазақстан экономикасы әлемдік шаруашылық жүйесіндегі, оның әртүрлі интеграциялық бірлестіктерге қатысуын куәландыратын интеграциялану жағдайында болып табылады. Әлемдік агроазық-түлік нарығында болып жатқан процестер статистика көрсетіп отырғандай, тамақ өнімдеріне бағаның өсуі, тұрғындардың нақты табысының азаюының сипат алуы ұлттық агроазық-түлік нарығына ықпал етеді. Осыған байланысты ел және аймақ тұрғындарының азық-түлікке экономикалық қолжетімділігін арттыруға жағдайлар қалыптастыру бойынша ұсыныстар жасау мақсатында қалыптасқан табыс деңгейін, оның құрылымын, жұмыссыздық пен жұмысбастылық деңгейлерін, сонымен қатар тұрғындар мен әртүрлі тұрғындар тобының негізгі азық-түлік түрлерін тұтынуына зерттеулер жүргізілді [3].

Зерттеу материалдары мен әдістері.

Экономикалық әдебиеттерде тұрғындардың азық-түлікке экономикалық қолжетімділігін өлшеудің әртүрлі әдістері ұсынылады. ХААҰ әдістемесіне сәйкес, азық-түлікке экономикалық қолжетімділікті сипаттайтын индикаторлар жиынына: тұрғындардың жан басына шаққандағы жалпы ішкі өнімі; азық-түлікке ішкі баға индексі; тағамды тойып ішуге мүмкіндіктің болмау-ының таралу масштабы; кедей отбасы бюджетіндегі азық-түлікке шығынның үлесі; азық-түлік тапшылығының масштабы; азық-түлік жетіспеушілігінің таралу масштабы [4]. Азық-түлікке экономикалық қолжетімділік Economist журналының концепциясында үш фактордың жиынтығын көрсетеді: 1) тамақ өнімдерін алуға тұтынушылардың қабілеті; 2) олардың бағалық сілкініске тәуелділігі; 3) осындай сілкіністер туындағанда тұтынушыларды қолдау бағдарламасының болуы [5].

Азық-түлікке экономикалық қолжетімділікті талдау үшін ақпарат ретінде көрсеткіштердің негізгі екі тобы қолданылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитетімен және оның территориялық органдарының маңызды тамақ өнімдерін тұтыну және тұрғындардың ақшалай табыстары [6].

Кешенді зерттеуді қамтамасыз ету үшін жұмысты жазуда талдау әдістері, сәйкестендіру, топтау, салыстыру, саралау,

статистикалық мәліметтерді визуалдау әдістері, VS Excel қолданбалы бағдарламасы пайдаланылды [7,8].

Нәтижелер және оларды талқылау.

Зерттеу жүргізу барысында біз азық-түліктің экономикалық қолжетімділігі негізінен тұрғындардың кірісімен анықталатындығын назарға алдық. 2008-2017 жж. – он жылдық кезеңдегі тұрғындардың нақты қолында бар ақшалай кірістерді, нақты аударылған еңбекақыны және тағайындалған айлық зейнетақының нақты көлемін талдау динамикасы бұл көрсеткіштердің белгілі бір ауытқушылығын көрсетеді.

Арнайы статистикалық мәліметтер 2013-2017 жылдар аралығында тұтыну бағасы индексінің тұрақты өсуіне сәйкес тұрғындардың орналасқан ақшалай нақты табысы, алатын нақты еңбекақысы және тағайындалған айлық зейнетақысы төмендеген. Аударылған нақты еңбекақы 2015 жылы 2014 жылмен салыстырғанда 2,3% қысқарды, 2016 жылы өткен жылға қарағанда 1,1%, 2017 жылы 2016 жылмен салыстырғанда 1,7% қысқарды.

2015 жылы аударылған нақты зейнетақы мөлшері 2014 жылғы мөлшердің тек 95% құрады, ал 2016 жылы өткен жылғы осы көрсеткіштің 95,2% құрады. Бірақ та, 2017 жылы бұл көрсеткіш алдыңғы жылғы көрсеткіш деңгейімен салыстырғанда 11,5% өсті. Нақты ақшалай табыс индексінің көрсеткіші салыстырмалы түрде тұрақты болды. Бұл көрсеткіш 2015 жылға қарағанда 2016 жылы 0,75 төмендеп, 2016 жылға қарағанда 2017 жылы 1% өсті.

Тұрғындардың нақты ақшалай табысының өзгеруіне әсер еткен факторларды анықтау мақсатында, біздер оның құрылымын қарастырдық. Зерттеу Қазақстан Республикасында тұрғындар табысының негізгі көзіне еңбектен алынатын табыс жататынын көрсетті. Біздер республика тұрғындарының ақшалай табысы құрылымын талдау арқылы зерттеу кезеңінде жалпы табыс сомасынан оның үлесінің қысқарғанын анықтадық. 2013 жылы оның үлесіне - 81,2%, ал 2017 жылы тұрғындардың барлық табысының – 76,3% құрады. Еңбек табысы құрылымында да өзгерістер болды. Жалпы табыс сомасында жалдамалы жұмыстан алынатын табыс үлесі айтарлықтай - 70,1%-дан 65,7%-ға қысқарды (4,4 п.п.); кәсіпкерлік қызметтен табыс аз мөлшерде – 11,1-ден 10,6%-ға азайды (0,5 п.п.). Табыс құрылымының өзгеруімен бірге нақты табыстардың өсуі болды.

Зерттеу жүргізу барысында азық-түлікке экономикалық қолжетімділік негізінен

тұрғындар табысымен анықталады. Қазақстан Республикасында тұрғындардың жұмысбастылығы табыс пен шығысқа ықпал етеді. Жоғарғы жұмысбастылық негізінде тауар нарығында агроазық-түлік нарығын қоса алғанда, сәйкесінше, жоғары тұтыну сұранысы қамтамасыз етіледі.

Тұрғындардың әл-ауқатын арттыру мүмкіндіктерін анықтау мақсатында жұмысбастылықты жоғарылату мен жұмыссыздықты қысқарту арқылы республикада және оның аймақтарында жұмысбастылық пен жұмыссыздықтың қалыптасқан деңгейлері, экономика салалары бойынша 2008-2017 жж. жұмыспен қамтылу бойынша зерттеу жүргізілді. Зерттеу жүргізу барысында адамдардың еңбек ету әрекеттері (жұмысбастылығы) белгілі бір табыс алу арқылы (біздің жағдайда – азық-түлікке экономикалық қолжетімділікті қамтамасыз ету) тек жеке және қоғамдық қажеттіліктерін ғана қамтамасыз етеді. Республикада еңбек еркіндігі, қызмет пен кәсіпті таңдаудағы еркіндік ҚР Конституциясымен кепілдендірілген. Соған байланысты, еңбек қызметінің түрі Қазақстан Республикасының заңына қарсы болмауы керек.

Қарастырылып отырған жыл шеңберінде берілген мәліметтер тербелістің бар екенін көрсетеді. Жұмыспен қамтылу көрсеткіштерін біздер уақытша үш кезеңге бөлдік. Бірінші кезең – 2008-2009 жж. көрсеткіштер мәні 66,4%-дан 66,1%-ға (0,3%-ға) қысқарды. Екінші кезеңде – 2010 - 2013 жж. тұрғындардың жұмыспен қамтылуы артты (0,9% жұмысбастылық өсті). 2013 жылы республикада – 68% тұрғындардың ең жоғары жұмыспен қамтылуы қамтамасыз етілді. 2014 жылдан бастап жұмыспен қамтылу қысқара бастады және 2015 жылы өзінің ең төменгі мәніне, осы кезеңге – 66,1% құрады.

Республиканың аймақтарында зерттеу кезеңінде тұрғындардың жұмыспен қамтылуы әртүрлі болды. 2008 жыл, яғни зерттеудің бірінші жылы, республикада орташа жұмысбастылық деңгейі 71,1%, Жамбыл облысында ең жоғары жұмыспен қамтылуы – 77,7% байқалды, ал ең төменгі – 66% Алматы қаласында орын алды. 2017 жыл, яғни тұрғындардың әлдеқайда жоғары жұмыспен қамтылуы Ақмола облысында – 72,6% қамтылды, ең аз жұмыспен қамтамасыздық Қарағанды және Оңтүстік Қазақстан облыстарында – 61,4% көрініс алды.

Қазақстан Республикасының ерекшеліктерінің бірі – ауыл тұрғындарының (республика тұрғындарының 45% жоғары саны), соның ішінде еңбекке қабілетті

жастағы тұрғындардың жоғары үлесі. Ауылдық жерлерде еңбек күшінің басты сферасы ауыл шаруашылық өндірісі, ондағы жұмысшының орташа айлық атаулы еңбекақысы республика бойынша орташа көрсеткіштен 1,7 есе төмен.

Зерттеудің келесі қадамы экономикалық қызмет түрлері бойынша республикадағы қалыптасқан жұмысбастылық құрылымын анықтау болды. Ол үшін экономикалық қызметтің түрлері бойынша жұмыспен қамтылған тұрғындарды топтастыру жүргізілді. 2017 жылы республикадағы жұмыспен қамтылудың көп бөлігі көтерме және бөлшек сауда сфераларын – 15,5%, орман және балық шаруашылығы – 15,3%, басқа да қызмет түрлерін ұсыну – 13,5% қамтамасыз етті. Экономикадағы жұмыспен қамтылғандар санының білім беру сферасында 12,3%-ы, көлік және байланыс – 8,9%-ы, құрылыста – 7,1%-ы, кең өндіру өнеркәсібінде – 6,8%-ы, денсаулық сақтау – 5,6%-ы, тау-кен өндіріс салаларында – 3,3%-ы еңбек етті.

Республиканың басқа аймақтарында экономикалық қызмет түрлері бойынша тұрғындардың жұмыспен қамтылу құрылымы басқаша қалыптасты. 2017 жылы Батыс Қазақстан облысында экономикадағы жұмыспен қамтылғандардың басым бөлігі келесі салаларда жұмыспен қамтылды – ауыл, орман және балық шаруашылықтарында – 22,7%; білім беру саласында – 4,4%; көтерме және бөлшек сауда сферасында – 12,1%; көлік және байланыс – 7,7% және құрылыста – 6,9%, өңдеу өнеркәсібінде – 5,2%, тау-кен өндірісі – 2%.

Атырау облысында осы жылы саудада – 9,1%, ауыл шаруашылығында – 2,8%, құрылыста – 17,1%, білім беруде – 11,2%, денсаулық сақтау саласында – 4,1% жұмыс орындары қамтамасыз етілді.

Қазақстан Республикасында 2008-2017 жж. жұмыссыздық деңгейінің динамикасын зерттеу, ең жоғары жұмыссыздық деңгейі 2008 және 2009 жылдары – 6,6% болғанын көрсетеді. 2010 жылы 1%-ға жұмысбастылық деңгейінің өсу негізінде жұмыссыздық 0,8% төмендеді.

Келесі жылдары төменгі қарқынмен болса да жұмыссыздық қысқарып, 2017 жылы деңгейі 4,9%-ға жетті.

Республика аймақтарында әртүрлі жұмыссыздық деңгейлері байқалды. 2008 жылы ең жоғары деңгей – 7,4% Алматы қаласында, ең төменгі деңгей – 6,2% Қарағанды облысында орын алды. 2017 жылы ең жоғары жұмыссыздық деңгейі Оңтүстік

Аграрная политика: механизм реализации

Қазақстан облысында – 5,2%, ең төменгі – Алматы облысында – 4,7% көрініс тапты.

Еңбек нарығындағы болып жатқан өзгерістер азық-түлікке экономикалық қолжетімділікке ықпал етті. Экономикалық теорияда айтылғандай, іскерлік белсенділіктің төмендеуі кезінде мемлекет жиынтық сұранысты ынталандыру мақсатында трансферттерді көбейтеді.

Осы кезеңде республикада тұрғындардың нақты ақшалай табыстары 2017 жылы әлеуметтік трансферттерді 15,1%-дан 19,7%-ға өсіру есебінен артты, соның ішінде зейнетақылар – 12,2%-дан 16,4%-ға және жәрдемақылар – 2,5%-дан 2,9%-ға өсті.

Табыстардың өзгеруімен бірге азық-түлікті тұтыну да өзгерді. Өртүрлі өнімдер бойынша қалыптасқан тұтыну деңгейі 1990

жылғы деңгеймен салыстырғанда төмен болды: ет және ет өнімдері – 0,1%-ға, сүт және сүт өнімдер – 23,6%-ға, жұмыртқа – 25,1%-ға, картоп – 45,5%-ға аз тұтынылды. Бұл уақытта балық және балық өнімдерін тұтыну – 3,9%-ға, қант – 8,7%-ға, көкөністер, жемістер мен бақша өнімдері – 54,6%-ға, өсімдік майы 65,2%-ға өсті.

2016 жылға қарағанда 2017 жылы тұрғындардың табыстарының өсуі тамақ өнімдерінің негізгі түрлеріне, соның ішінде нан және нан өнімдері, картоп, балық және балық өнімдерін (сәйкесінше 11,3%, 4,3% және 0,9%-ға қысқарды) есепке алмағанда тұтынудың өсуіне мүмкіндік берді.

Қазақстан Республикасында орташа жан басына шаққандағы азық-түлікті тұтынудың деңгейі 1 кестеде көрсетілген.

1 кесте – Қазақстан Республикасында тұрғындардың жан басына шаққандағы негізгі тамақ өнімдерін тұтыну, кг/адам

Өнім түрлері	Жылдары						2017 ж.,%	
	1990	2000	2010	2015	2016	2017	1990ж.	2015ж.
Ет және ет өнімдері	73	44,4	55,8	74	70	72,9	99,9	104,1
Сүт және сүт өнімдері	311	234,6	204	234	236	237,6	76,4	100,7
Жұмыртқа, дана	225	102	130	164,4	164,4	168,5	74,9	102,5
Балық және балық өнімдері	10,3	3,5	9,6	10,8	10,8	10,7	103,9	99,1
Қант	38,0	10,9	30	42	40,8	41,3	108,7	101,2
Өсімдік майы	11,2	8,9	12	19,2	19,2	18,5	165,2	96,4
Картоп	86	65,7	42	48	49	46,9	54,6	95,7
Жеміс-жидектер, көкөністер мен бақша өнімдері	99	100,2	147,6	150,0	151,4	153,1	154,6	101,1
Нан өнімдері	148	105,3	123	129,6	130,8	133,7	90,3	88,7

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде құрылған www.stat.gov.kz

Рационалды мөлшерлермен салыстыру бойынша елдегі тұрғындардың тамақтануы нан өнімдері, өсімдік майлары, жеміс-жидектерді қоспағанда өнімнің әр түрлі тобы бойынша тапшылықпен ерекшеленеді.

Ауыл және қала тұрғындарының тұтынуында айырмашылықтар бар. Арнайы статистика мәліметтерін зерттеу ауыл тұрғындарының көбінесе нан және нан өнімдерін - 18,8%-ға, өсімдік майын - 1,6%-ға, көкөністер мен бақша өнімдерін – 0,3%-ға, қант және құрамында қанты бар өнімдерді – 6,1%-ға көп тұтынатындығын көрсетеді.

Сонымен қатар, олар ет және ет өнімдерін – 9,1%-ға, балық және балық өнімдерін – 0,1%-ға, сүт және сүт өнімдерін – 15,1%-ға, жұмыртқаны – 24,3%-ға, жеміс-жидектерді – 16,4%-ға, картопты – 1,1%-ға аз тұтынады.

Республика тұрғындарының негізгі өнім түрлерін нақты тұтыну көрсеткіштерін тұтынудың ғылыми-негізделген физиоло-

гиялық мөлшерлерімен салыстырсақ, республика бойынша орта есеппен олардың тұтынуы күнкөрістің ең төменгі мөлшерінен жоғары. Қалыптасып отырған тұтыну деңгейін республиканың Ұлттық экономика министрлігінің 2016 жылдың 9 желтоқсандағы №503 бұйрығымен бекітілген рационалды мөлшерлермен салыстырғанда, ел тұрғындарының тамақтануы қарастырылып отырған өнімдерінің барлық түрлері бойынша тапшылық орын алып отырғандығын көрсетеді. Соның ішінде ет және сүт өнімдері назар аудартады. Тамақтану рационында қажетті, бірақ пайдасы өте жоғары қымбат өнімдерді (мысалы, ет, ірімшік) анағұрлым қолжетімді әрі арзан өнімдерге (нан өнімдері, картоп) алмастыру орын алады. Қантты және құрамында қанты бар өнімдерді тұтыну күнкөрістің ең төменгі деңгейінен жоғары ғана емес, тұтынудың рационалды мөлшерінен де көп, жылына бір адамға 33 кг анықталып отыр.

Нарықтық экономика жағдайында, әсіресе, экономикадағы іскерлік белсенділіктің қысқаруы кезеңінде, зерттеушілердің мәліметтері бойынша әртүрлі тұрғындар тобы арасында табыстардың қайта бөлінуі жүріп жатыр [9]. Егер республикада реформаға дейін сәйкесінше табыс тепе-тең бөлінгендей болғанымен, 1992 жылдан бастап табыс бойынша тұрғындардың дифференциациясы күшейе түсті.

2017 жылы неғұрлым қамтамасыз етілген тұрғындардың 10% үлесіне барлық ақшалай табыстың 23,99% (2016 ж. – 23,32%), дәл осындай үлеске азырақ қамтамасыз етілген тұрғындардың ақшалай табысының – 4,07% (2015 ж. – 4,15%) сәйкес келді. Сонымен қоса, орташа жан басына шаққанда ақшалай табыс осы топтарда сәйкесінше 1125,6 және 166,8 мың теңге, ал 2016 жылы 1037,5 және 249,2 мың теңге құрады.

Облыстар бойынша табысты шоғырландыру және дифференциациялану көрсеткіштері әр түрлі. Осы коэффициенттердің Қазақстан Республикасында 0,287 және 5,9, мәніне қарап, табыс шоғырлануының ең жоғары көрсеткіші Шығыс Қазақстан облысында – 0,305, осы Шығыс Қазақстан облысында 10% арақатынаста тұрғындардың көбірек және азырақ қамтамасыз етілуінің жоғары көрсеткіші – 6,7 анықталып отыр. Маңғыстау облысында табыстың шоғырлануының ең төменгі коэффициенті – 0,165 және қор коэффициенті – 2,8 құрады.

2017 жылы жалпы Қазақстан бойынша тұрғындардың 2,6% күнкөріс деңгейінен төмен табыс (1,2 - қала және 4,5 - ауылдық жерлерде) тапты. Осы мөлшердің жартысынан төменін тұрғындардың 0,1%-ы, 2,4%-ы күнкөріс деңгейіне тең немесе одан

1,5 есе аспайтын табыс алушылар құрады. Орташа жан басына шаққандағы табыс пен күнкөрістің ең төменгі мөлшерінің арақатынасы 3,5 есе болды. Осыған қарамастан мемлекеттің әлеуметтік трансферттері табысы бойынша тұрғындардың әлеуметтік жіктелуінің тереңдеуіне кедергі болып отыр, тұрғындардың әр түрлі тобы арасында табыстың бөлінуінің өзгерісі дегенмен орын алып отыр.

2017 жылды өткен жылмен салыстырғанда, тұрғындардың кедей бөлігінде негізгі тамақ өнімдерінің тек нан және нан өнімдері, жемістер, балық және балық өнімдері және қанттан басқа барлық түрлерін тұтыну қысқарды.

Кедей тұрғындар 2,5%-ға ет және ет өнімдерін, 2%-ға жұмыртқа, 0,9%-ға көкөністер, 8,3%-ға картоп, 3,8%-ға сүт және сүт өнімдерін тұтынуын қысқартты.

Республиканың тұрғындарының ауқаты бөлігі тамақтану өнімдерінің негізгі түрлерінің барлығына тұтынуы өсті, тек картопты тұтыну ғана 3,5% қысқарды. Ет және ет өнімдерін тұтыну 2017 жылы 2016 жылғы деңгейін сақтап қалды.

Осы процестерді зерттеу нәтижесінде тұрғындардың тұтынуындағы айтарлықтай, сандық және сапалық айырмашылықтар бары анықталды.

2017 жылы орташа жан басына шаққанда төмен табыс табатындардың тұтынуын жоғары табыс табатын тұрғындардың тұтынуымен салыстыратын болсақ: нан өнімдері – 38%-ға, картоп – 93%-ға, жұмыртқа – 2,9 есеге, сүт және сүт өнімдері – 3 есеге, көкөністер – 2,1 есеге, қант және қант құраушысы бар өнімдер – 2,1 есеге, жеміс-жидектер – 3 есеге аз тұтынылды және (2 кесте).

2 кесте – Қазақстан Республикасында әл-ауқаттың әртүрлі деңгейіндегі үй шаруашылығында негізгі тамақ өнімдерін тұтыну, кг

Өнім түрлері	Барлық үй шаруашылықтары		1 дециль		10 дециль	
	2016	2017	2016	2017	2016	2017
Нан өнімдері	130,8	133,7	116,4	116,9	158,4	161,3
Картоп	49	46,9	36	33	66	63,7
Көкөністер мен бақша өнімдері	89,3	88,5	63,6	63	130,8	132,2
Жемістер мен жидектер	61,4	64,6	33,6	36,8	99,6	109
Ет және ет өнімдері	70	72,9	40,8	39,8	118,8	118,8
Сүт және сүт өнімдері	236	237,7	140,4	135	368,4	380,9
Жұмыртқа, дана	164,4	168,5	99,6	97,6	262,8	280,9
Балық және балық өнімдері	10,8	10,7	6	6,5	18	18,2
Қант	40,8	41,3	30	28,8	57,6	59,3

Ескерту: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің мәліметтері негізінде құрылған www.stat.gov.kz

Азық-түлікке экономикалық қолжетімділікті сипаттайтын көрсеткіштердің бірі, тұтыну шығындарының құрамындағы азық-түлік тауарларына шығынның үлесін анықтау болып табылады. Бұл көрсеткіштің орташа мәні 46,6% (45,8% – 2016 ж.), ауылдық жерлердегі үй шаруашылықтарының шығындары 49,5% құрады, ал 2017 жылы барлық тұтыну шығындарын қалалықтар – 45,1% құрады (2016 ж. сәйкесінше 48,6% және 44,4%).

Ел аймақтарындағы үй шаруашылық шығындарының құрамындағы азық-түлік шығындарының үлесі әртүрлі. 2017 жылы оның ең көп үлесі – 58,1%. Қызылорда облысында және ең аз үлесі – 43,7% Астана қаласына тиесілі болды. Салыстыру үшін, К.Г. Бородинаның мәліметтері бойынша Батыс Еуропа елдеріндегі азық-түлікке шығындар орташа 20%-дан аспайды [қараңыз 4]. Халықаралық зерттеулерде кедейлер деп жалпы шығынның 70%-ын немесе одан да көп бөлігін тамақ өнімдеріне жұмсайтындар саналады.

Тұжырымдар.

1. Азық-түлікке экономикалық қолжетімділікті арттыруға бағытталған шаралар тамақ өнімдеріне сұранысты ынталандыру есебінен жүзеге асыруды көздейді. Осы мақсатта табыстары белсенді және салауатты өмір салтын ұстану үшін тамақ өнімдерінің жиынын алуға мүмкіндігі жоқ тұрғындардың тәуелді топтарына аймақтық қолдау бағдарламаларын жасау. Жекелей алғанда, азық-түлікке экономикалық қолжетімділікті арттыру мақсатында, балаларды, зейнеткерлерді, жүкті және бала емізетін әйелдерді тамақтандыру ұйымдарына субсидия ұсынуға мүмкіндік жасау.

2. Жергілікті тұрғындардың табыстарын арттыруға бағытталған шараларды қарастыру қажет. Олардың ішінде – инвестициялық қызметті жүзеге асыратын ұйымның пайдасы мен мүлігіне салық салуды либерализациялау арқылы жүзеге асуы мүмкін аймақ экономикасына инвестицияны ынталандыру. Ірі және орта кәсіпорындарды дамытуға инвестициялар тарту барлық артықшылықтарды неғұрлым толықтай қолдануға және соның негізінде жаппай сұранысты қанағаттандыру үшін біртекті өнімдерді, соның ішінде қолжетімді бағамен тағам өнімдерінің өндірісін жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Өндірістік объектілердің санын арттыру және ауқымын кеңейту жұмыс күшіне сұраныстың артуына, жұмыссыздық деңгейінің төмендеуіне, өндірушілердің жергілікті тұрғындарды оқыту мен қайта оқытуға қызығушылығын арттыруға мүмкіндік береді.

3. Жергілікті тұтынушылар үшін бағаны төмендетуге жанама түрде әсер ететін көлік инфрақұрылымын дамытуға мемлекеттік инвестициялар қажет.

4. Электронды сауда алаңдарын құру арқылы ауыл шаруашылық өнімдерінің желілік саудасын дамыту қажет. Бұл ауылдық тауар өндірушілер – шағын шаруашылықтар мен фермерлерге өздерін үлкен нарықтың қатысушыларымен тең сезінуге мүмкіндік береді, себебі кез келген өндіруші өзі туралы ақпаратты тегін орналастыра алады және тұрғындар табы-сының өсуіне ықпал етеді.

5. Зерттеу «2022 жылға дейінгі Батыс Қазақстанның аймақтық дамуы» ғылыми жобасының шеңберінде «Батыс Analytics» ЖШС-нің қаржылық қолдауы негізінде орындалды.

Әдебиеттер тізімі

1 О национальной безопасности Республики Казахстан. Закон Республики Казахстан от 6 января 2012 года № 527-IV [Электронный ресурс]. – 2012.- URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/z050000066> (дата обращения: 18.01.2019).

2 О государственном регулировании развития агропромышленного комплекса и сельских территорий. Закон Республики Казахстан от 8 июля 2005 года № 66-III [Электронный ресурс].- 2005.- URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/z1200000527> (дата обращения: 18.01.2019).

3 Ф.Ә. Қалиев, Ч.Ү. Әкімбекова Қазақстан Республикасының ауыл аумақтарының әлеуметтік дамуы // Проблемы агрорынка.- 2018.- №2.- Б. 7-13.

4 Бородин К.Г. Экономическая доступность продовольствия: факторы и методы оценки // Экономический журнал ВШЭ. -2018.- Т. 22. -№ 4. -С. 563–582

5 The Economist Intelligence Unit. Global Food Security Index 2017 Measuring Food Security and the Impact of Resource Risks. A Report. - London, 2017.- 15-22.

6 Министерство национальной экономики Республики Казахстан. Комитет по статистике [Электронный ресурс].-2018.-URL: <http://www.stat.gov.kz> (дата обращения 18.01.2019).

7 Елисеева И.И. Статистика: учебное пособие. – М.: Проспект, 2013.– 342 с.

8 Методологическое положение по статистике / Издание четвертое, дополненное / на русском языке.- Астана, 2018. – 502 с.

9 Гиззатова А.И. Особенности формирования спроса и предложения на агропродовольственном рынке Республики Казахстан// Проблемы агрорынка». - 2017.- №2.- С. 36-43.

Әдебиеттер тізімі

1 О nacional'noj bezopasnosti Respubliki Kazakhstan. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 6 janvarja 2012 goda № 527-IV [Jelektronnyj resurs]. – 2012.- URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/z050000066> (data obrashhenija: 18.01.2019).

2 О gosudarstvennom regulirovanii razvitija agropromyshlennogo kompleksa i sel'skih territorij. Zakon Respubliki Kazakhstan ot 8 ijulja 2005 goda № 66 –III [Jelektronnyj resurs].-2005.-URL: <http://adilet.zan.kz/rus/docs/z1200000527> (data obrashhenija: 18.01.2019).

3 Ғ.Ә. Қалиев, Ч.Ү. Әкімбекұлы Қазақстан Республикасының ауыл аумақтарының әлеуметтік дамуы//Проблемы агрорынға.-2018.-№2.-В.7-13.

4 Borodin K.G. Jekonomicheskaja dostupnost' prodovol'stvija: faktory i metody ocenki //

Jekonomicheskij zhurnal VShJe. -2018. -Т. 22. - № 4. -S. 563–582

5 The Economist Intelligence Unit. Global Food Security Index 2017 Measuring Food Security and the Impact of Resource Risks. A Report. - London, 2017.- 15-22.

6 Ministerstvo nacional'noj jekonomiki Respubliki Kazakhstan. Komitet po statistike [Jelektronnyj resurs].- 2018.- URL: <http://www.stat.gov.rz> (data obrashhenija 18.01.2019).

7 Eliseeva I.I. Statistika: uchebnoe posobie. – М.: Prospekt, 2013.– 342 s.

8 Metodologicheskoe polozhenie po statistike / Izdanie chetvertoe, dopolnennoe / na russkom jazyke.- Astana, 2018. – 502 s.

9 Gizzatova A.I. Osobennosti formirovanija sprosa i predlozhenija na agroprodovol'stvennom rynke Respubliki Kazakhstan// Problemy agrorynka». - 2017.- №2. - S. 36-43.

МРНТИ 06.71.07
УДК 338.43

РАЗВИТИЕ МАРКЕТИНГА В АГРОПРОМЫШЛЕННОМ КОМПЛЕКСЕ

АГРОӨНЕРКӘСІПТІК КЕШЕНДЕГІ МАРКЕТИНГТІ ДАМУ

MARKETING DEVELOPMENT IN AGRO-INDUSTRIAL COMPLEX

Н.В. ДЖАНГАРАШЕВА*

д.э.н., профессор

М.Б. ШАКЕНОВА

докторант PhD

Ж.Ж. АЛИЕВА

докторант PhD

Центрально-Азиатский университет, Алматы, Казахстан

e-mail: nazymkul@mail.Ru

Н.В. ДЖАНГАРАШЕВА

э.ғ.д., профессор

М.Б. ШАКЕНОВА

PhD докторанты

Ж.Ж. АЛИЕВА

PhD докторанты

Орталық-Азия университеті, Алматы, Қазақстан

N.V. JANGARASHEVA

Dr.E.Sc., Professor

M.B. SHAKENOVA

PhD student

J.J. ALIEVA

PhD student

Central Asian University, Almaty, Kazakhstan

Аннотация. Маркетинговые исследования как подсистема информации маркетинг-менеджмента рассматривают совокупность объективных предпосылок принятия эффективных решений управления и снижения предпринимательского риска в условиях развития аграрного рынка. При построении системы маркетинг-менеджмента в АПК выделены методы маркетинговой деятельности, активно взаимодействующей с рыночной средой на основе